Саятшылықтың құндылықтары тек спорттық нәтижелерге ғана емес, сонымен бірге табиғатты қорғау, мәдени мұраны сақтау, адамдардың дене қаблеттері мен рухани дамуына да бағытталған тәрбиелік әсері бар өнер болып табылады. Дәстүрлі саятшылық өнер қоршаған ортаны тану, оған бейімделу оны қорғауға тәрбиеледі. Мысалы, аң аулау маусымдарына мән беріп, жануарлардың көбею кезеңдерінде саятшылық жасамайды. Бұл аң-құстардың өсіп өнуіне пайдалы. Сонымен қатар, киелі немесе сирек кездесетін жануарларды аулау мақсаты да маңызды рөл атқарады. бұл – табиғатты қорғауды білдіреді. Саятшылық құру

арқылы адам өз жерін, табиғатты тану, аң құстар мекенін танып білуге үйренді. Ұзақ уақыт бойы із шалып, тазы ертіп, қолына құс алып салт жүру адамды төзімділікке, шыдамдылыққа, дұрыс шешім қабылдауға баулыи отырып, жастардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттырады [2].

**Зерттеудің өзектілігі.** Қазақстан Егеменді ел болғаннан бастап саятшылық өнердің дамуына жол ашылды. Еліміздегі саятшылық өнерді дамытып, оны дене тәрбиесі және туризм түрі ретінде дамыту арқылы оның құндылықтарын ұтымды пайдалануды іске асыру жұмыстың өзектілігін айқындайды.

**Зерттеу мақсаты.** Қазақстандағы «Саятшылық» спортының дамуы және оның қоғамдағы орнын зерттеу.

#### **Зерттеу міндеттері:**

1. Қазақстандағы дәстүрлі саятшылық өнерінің дамуын сараптау;
2. Саятшылық спортының түрлері мен топталуын жүйелеу;
3. Саятшылық спорттың дене тәрбиесі және спорттағы орнын анықтау;
4. Саятшылық спорттың қоғамға тигізетін пайдалы педагогикалық тәрбиелік құндылықтарын анықтау.

**Материалдары мен әдістері.** Саятшылық өнердің ел арасында дамуын анықтау мақсатында аңшылармен, құсбегілермен 2023-24 жылдарында сұхбат жүргізілді, оған Алматы облысының 24 саятшысы және Қытай халық республикасының Алтай қаласынан 12 саятшы, Қызғыз елінен келген 8 саятшы қатысты. Қазақстанда 2023-24 жылдары өткізілген Құсбегілер турнирлерінің нәтижелерін сараптау іске асырылып онда халықаралық «Қансонар - 2023» турнирінде саятшылық өнерінің қандай түрлерге бөлінетіндігі және жыртқыш құстар мен ит, тазыларды үйрету ерекшеліктері анықталды. Саятшылық өнерге байланысты әдебиеттерге шолу жүргізілді. Саятшылық кәсіпке қажетті құрал-саймандардың және киімдердің қазіргі Қазақстанда қамтамасыз етілуі жағдайын анықтау мақсатында Алматының дүкендеріне барып анықтау жүргізілді және оларды сату тәртібі сұралды.

**Нәтижелер.** Қазақстандағы аңдардың мен құстар түрлері, саятшылыққа рұқсат етілген аңдармен құстар түрлері бар екендігі анықталды. Қазақстан жерінде алуан түрлі жануарлар мен өсімдіктер бар. Мұнда омыртқалы жануарлардың 835 түрі кездеседі. Соның ішінде сүтқоректілердің 178 түрі, құстардың – 500 астам түрі, бауырымен жорғалаушылардың – 49, қосмекенділердің – 12, балықтың – 104 тіршілік етеді. Қазақстанның Қызыл кітабына 57 құс және 40 жануар кірген енгізілген [3].

Саятшылыққа рұқсат етілген аңдармен құстар түрлеріне Қазақстанда бүркіт, қырғи, қаршыға, сұңқар жыртқыш құстары мен иттердің көмегімен жүзеге асырылады. Бұл дәстүрлі спорт түрінде аң мен құс түрлерін аулауға рұқсат арнайы заңдар мен ережелер арқылы реттеледі «Аң аулау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығы (01.02.2023 ж. редакцияда) [4]. Рұқсат етілген аңдар мен құстардың саны табиғат ресурстарын қорғау және жануарлардың санын сақтау мақсатында шектеліп отырады.

Аң аулауға рұқсат алу және саятшылық жүргізу тәртібі анықталып саятшылыққа рұқсат етілген аңдар мен құстарды аулау табиғаттың тепетеңдігін сақтау үшін қолданылатын реттеу тәртібі болып саналады. Мысалы 2023 жылы қараша-желтоқсан айларында Қазақстанда «киік санын реттеу» операциясы жүрді, ресми санақ бойынша Орал аумағында 1,1 миллионнан астам киік, бетпақдалада 745 мың және үстірт аумағында 40 мың киік саны болды, олар егіс алқаптарын таптап ауылшаруашылыққа көптеген шығындар келтіруде, киіктердің шектен тыс көбеюі себебінен арнайы киік етін саудалайтын орындар мен фермалар ашылды, киіктің мүйізін дәрілік бағытта қолдану шаралары іске асырылуда. Қазақстанда саятшылыққа заңды түрде рұқсат алып, белгілеген жерде және мезгілде аң аулау жануарлардың өсіп өнуінің тепетеңдігін сақтайды.

Саятшылықты жүргізуге қойылатын талаптар ішіне аңшылық маусымдарын білу, рұқсат етілген аңдар мен құстар түрлері туралы ақпарат алу, табиғатқа ұқыпты қарау туралы білуі ескеріледі. Саятшылықтың маңызды бағыты жыртқыш құстарды баптап, олармен дұрыс жұмыс істеуді меңгеру. Жыртқыш құсты аңшылыққа жаттықтыру үшін оны қолға үйретуді меңгеру. Құсқа арнайы қамқорлық көрсету, оның денсаулығын қадағалау, қауырындарын тазалау және жабдықтарды дұрыс қолдана білуі қажет.

Саятшылық иттерін таңдауда елімізде тазы және төбет секілді ит тұқымдары қолданылады. Тазы иттер шапшандық пен икемділікті қажет ететін аң аулауда пайдаланылады, ал төбеттер күштілік пен төзімділік талап етілетін саятшылықта қолданылады. Саятшылық спортында адамдардан күш пен төзімділікті меңгеру, ұзақ қашықтықтарға жаяу немесе атпен жүру, төзімділік деңгейі жоғары, шапшандық пен икемділіктерге бейімделуі қажет. Саятшылық спортына үйрену, жас спортшылардың тәжірибелі саятшылардан тәлім алуы арқылы іске асырылады, олардың бақылауымен саятшылықтың қыр-сырын меңгеруге жол ашады.

Саятшылық өнері табиғат аясында өткізілетін спорт түрі болғандықтан қауіпсіздік шараларына ерекше көңіл бөлу қажет. Ол жыртқыш құстардың өткір тырнақтары мен тұмсықтарынан қорғану үшін арнайы қолғаптар киіп, құсты дұрыс ұстауды үйренуі керек. Саятшылық кезінде иттерден сақтану қауіпсіздік шараларын ұстану және оларға қатаң бақылау орнату маңызды жұмыс болып табылады. Табиғат ортасында спортшылардың жоғалмауы және қауіпсіз орындарды таңдау үшін жерді бағдарлау дағдылары қажет.

Саятшылық спорты табиғатты қорғау ісінде маңызды рөл атқарады. Ол экологиялық тазалық пен тепе-теңдікті сақтауға, жануарлар мен құстардың сирек түрлерін қорғауға және биоәртүрлілікті қолдауға үлес қосады. Саятшылық спортының табиғатты қорғаудағы негізгі рөлі келесі бағыттарда көрінеді: 1. Жануарлар популяциясын бақылау; 2. Сирек кездесетін жануарлар мен құстарды қорғау; 3. Экологиялық білім беру және дәстүрді сақтау, экотуризмді дамыту; 4. Биоәртүрлілікті сақтау; 5. Табиғи тепе-теңдікті сақтау бағыттарында жүргізіледі.

**Талқылау.** Қазақстандағы саятшылық өнерінің дамуы. Саятшылық өнер Қазақстанның тарихында ерекше орын алатын мәдениеттің бір бағыты болып табылады. Тарихи деректер мен археологиялық зерттеулерге негізделгенде қазақтың ата-бабалары – сақтар, қаңлылар, аландар, ғұндар және ұлы юзилер түгел дерлік құс салып, ит жүгіртіп саят құрғандықтары туралы деректер көптеп кездеседі. Ежелгі сақ көсемдері арнаулы саят құстары мен иттерін бағып-баулитын құсбегілер мен саятшылар ұстаған [5]. Саятшылық өнердің Қазақстандағы дамуы бірнеше кезеңнен тұрады. Саятшылықты төрт кезеңге бөліп, оны зерттеген және жүйелеген ғалымдар мен этнографтардың арасында Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының дәстүрлері, соның ішінде саятшылық туралы жазған алғашқы ғалымдардың бірі. Ол қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, аңшылық пен саятшылықтың қоғамдағы орнын сипаттады. Академик Әлкей Марғұлан – қазақ этнографиясын, тарихын және мәдениетін зерттеген белгілі ғалым, оның еңбектерінде қазақ халқының аңшылық, саятшылық дәстүрлеріне қатысты көптеген мәліметтер бар [6]. Мұхтар Әуезов өзінің әдеби шығармаларында қазақтың өмір салты мен дәстүрлерін, оның ішінде саятшылық туралы көптеген деректер береді [7].

Есіктегі сақ обасынан табылған «Алтын адам» қазынасының жәдігерлерінде аң құстардың алтыннан жасалған бейнелері табылған, бұл жәдігерлерден көретініміз аңдармен аушы құстардың культінің аса көнеден келе жатқандығының айғағы. Ертедегі

көшпенді халықтардың аңдар мен құстарды кие тұтып адаммен бірге жерлейтін рәсімдері болған. Көшпенді өмір салтына байланысты халықтар аң аулауды оның ішінде жыртқыш құстарды қолдануды жақсы меңгерген. Қыран, бүркіт, қаршыға сияқты құстармен аң аулау шаруашылықты қолдаудың бір жолы ретінде қарастырылған. Бұл дәстүр атадан балаға беріліп саятшылық өнер бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып, қазақ халқының мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды.

«XIX ғасырда қазақ жерінде саятшылық өнердің жақсы дамыған көрінісі ретінде мынандай мысалдар келтіруге болады, бүркіттің алғырлығына қарай арнайы құн мен бағалар берілген, бір бүркіттің құны Шу мен Сырдарияда 5-6 түйе бағаланған, ал қаршыға мен сұңқар 1-2 түйеге бағаланған немесе 1000 (мың) бас қойға дейін берген» [8]. XX ғасырда саятшылық қазақтардың тұрмысында маңызды рөл атқарғанмен Қазақстан Ресей империясының құрамына кірген кезден бастап бұл өнер тоқырау жағдайына ене бастады. XX ғасырдың басында Кеңестік идеология халықтық мәдениет пен дәстүрлерін ескілік деп санап басқа өнерлер секілді саятшылыққа да шектеулер қоя бастады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап ұлттық дәстүрлі мәдениетті қорғау, дамыту саясаты қолға алынып заңдармен шешімдер қабылданды. 2013 жылғы 29 сәуірдегі №408 Қаулысымен Материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама қабылданды [9]. Құсбегілік қазақ халқының рухани және мәдени мұрасы ретінде мемлекеттік деңгейде қолдау тапты. 1980 жылдары республикада тұңғыш рет Алматы облысында этнограф Жағда Бабалықұлының қолдауымен «Жалайыр Шора» атындағы Бүркітшілер мектебінің негізі қаланды [10]. 1990 жылдардан бастап ұлттық спорт ретінде саятшылық танылып, республика көлемінде жарыстар ұйымдастырыла бастады. 2013 жылы 8 шілдеде «Құсбегілік» федерациясы құрылды.

Қазақстандағы ең танымал саятшылық жарыстарының бірі «Қыран» халықаралық турнирі мұнда әлемнің көптеген елдерінен құсбегілер жиналып өз шеберліктерін көрсетіп құсбегілік өнерді дамытып келеді. мысалы 2007 жылы Ұлыбританияда өткен «Қыран құс салушылардың дүниежүзілік І-ші Фестивалінде» 13 қазақстандық қатысып осы жиында «Қазақ құсбегілері» атты тұңғыш қазақ тілінде жарық көрген фото альбомым мен фотостенд қойылды және қазақ құсбегілерінің құрал-жабдықтары кеңінен таныстырылып Қазақстандағы саятшылық өнер жан-жақты насихатталды [11]. Қазақстанда саятшылықты дамытуға бағытталған және оған арнайы мамандар даярлауға арналған

шаралар ұйымдастырылып оқу орындары ашылуда. Алғаш рет ұлттық спорт түрлеріне арналған кафедра Алматыдағы Қазақ спорт және туризм академиясында 7М08301 - Аңшылықтану және аң шаруашылығы мамандығы ашылды, ол қазақ күресі, құсбегілік, ат спорты, тоғызқұмалақ түрлері бойынша мамандарды даярлауды іске асыруда, оның алғашқы түлектері бұл бағыттағы маманды шамамен 2010-жылдардан бері ұсынып келеді, ал 2018 жылы ресми ұлттық спорт мамандары ретінде дипломдарын алды.

2016 жылғы 5-6 қарашада «Саятшылық» ұлттық спорт түрі бойынша алғаш рет Халықаралық турнир және Астана қаласының ашық біріншілігі болып өтті. Турнирге Моңғолиядан, Қырғызстаннан және Қазақстанның 11 өңірінен қатысқан 30 аса бүркітші спортшылар бүркітпен аң аулау және құсты бағындыру шеберліктерін көрсетті. Барлық өткізілетін жарыстарда саятшылықты сақтау және дамыту арқылы табиғатты қорғау мәселелеріне, ұлттық дәстүрді, мәдени мұраны сақтаудың маңызды жолы ретінде үгіт насихат жұмыстарын жүргізу дәстүрге айналуда.

Елімізде табиғатта жан-жануарларды қорғау және ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында 10 ірі қорықтар бар, олардың жалпы көлемі 1 610 973 га. құрайды. Олардың ішіндегі ірі қорықтарға жататындары:

1. Ақсу-Жабағылы қорығы (1926 жылы құрылған). Орналасқан жері: Оңтүстік-Қазақстан, Жамбыл облыстарында;
2. Наурызым қорығы (1931 жылы құрылған). Орналасқан жері: Қостанай облысы;
3. Алтын Емел ұлттық паркі (1996 жылы құрылған). Орналасқан жері: Алматы облысы, Жетісу Алатауының батыс бөлігі;
4. Қорғалжын қорығы (1968 жылы құрылған). Орналасқан жері: Ақмола облысы;
5. Марқакөл қорығы (1976 жылы құрылған). Орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы.

Қазақстандағы саятшылық спорт түрі ретінде танылуы – жыртқыш құстар және ит, тазы төбет арқылы аңшылық құру болып бөлінеді. Саятшылық өнер қазіргі кезде тіршілік қамы ғана емес, денсаулықты сақтау, табиғатты қорғау, көңіл көтеру, бойға күш алу ретінде қолданылады. Еліміздің саятшылық өнері ежелден дамып келе ұлтымыздың дәстүрлі спорт түріне айналды. Бұл спорт түрі қазақ халқының мәдени мұрасын сақтап қалуға және табиғатты қорғауға жасаған ортаны түсінуге бағытталған. Саятшылықтың екі негізгі түрі бар, олар құсбегілік және тазы төбет сынды иттермен аң аулау, олардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерге ие. 2023 жылғы деректерге сәйкес Қазақстанда 400-ден астам спорт мектебі жұмыс

жасайды, соның ішінде Қазақстанда саятшылық және құсбегілік өнеріне байланысты мектептер мен спорт секциялары бар. Мысалы, Алматы қаласындағы №1 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде құсбегілік бойынша секциялар жұмыс істейді. Мұнда 12-15 жас аралығындағы балаларға саятшылық өнердің қыр-сырын үйретіледі. Сабақтар тегін өткізіледі және мемлекеттік спорт құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, құсбегілік өнері ұлттық спорт түрі ретінде бірқатар ұйымдар мен клубтарда дамытылып жатыр. Әсіресе, бұл өнердің байырғы дәстүрін сақтап, жарыстар ұйымдастыру мақсатында жергілікті спорт ұйымдары үлкен үлес қосуда. Ұлттық спорт қауымдастығы мен “Құсбегілік федерациясы” осы бағытта белсенді жұмыс істейді.

Қазақстанда саятшылықпен айналысатын бірқатар федерациялар мен клубтар бар. Ең ірілерінің бірі – «Ұлттық спорт қауымдастығы», ол ұлттық спорт түрлерін, соның ішінде саятшылықты дамытуға бағытталған. Бұл қауымдастыққа көптеген аймақтық және республикалық клубтар кіреді. Саятшылық жарыстары, әсіресе бүркітшілер сайыстары, тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады. 2024 жылы Астанада өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына да саятшылық спорттық бағдарлама ретінде қосылған.

Елімізде «Қыран» федерациясы» саятшылық өнерін насихаттап, жарыстар ұйымдастырып, аңшы құстарды баптаумен айналысатын танымал ұйым ретінде қызмет атқарады. Сондай-ақ, Алматы, Ақмола және басқа облыстарда құсбегілік өнеріне қызығушылар мен осы спортты дамытатын шағын клубтар бар.

Құсбегілік спорты. Құсбегілік - жыртықш (бүркіт, қырғи, қаршыға, сұңқар) құстарды пайдаланып аң аулау түрі. Бұл спорт түрі Қазақстандағы саятшылықтың ең танымал бағыты. Құсбегілік жарыстарында құстардың аң аулау шеберлігі, жылдамдығы, қырағылығы және аңды қалай ұстайтыны бағаланады. «Құсбегілік» ұлттық спорт түрінен жарыстар бүркіт, қаршыға және сұңқар түрі бойынша өтеді. Бүркітшілер спортында бүркітті пайдаланып түлкі, қасқыр, қоян секілді аңдарды аулау іске асырылады. Бүркіт салу жарыстары бойынша команда құрамына 3 бүркітші, 1 бапкер, 1 мал дәрігері кіреді, жарысқа 18 жастан асқан спортшылар жіберіледі. Жарыс ережесі бойынша қатысушылар бүркіттерін екі жаттығуда сыналады: бірінші құсты қолға шақыру және жемге қондыру сынақтарынан өтеді. Бұл жарыста бүркіт спортшыдан 500 метр қашықтықта отырады. Төрешінің белгісі бойынша бүркітші қолына жем ұстап, бүркітін

шақыра бастайды, мұнда бүркіттің бүркітшінің қолына келу уақыты есептеледі. Төреші ысқырған кезде уақыт санағы басталады. Егер екі минут ішінде бүркіт иесінің дауысына жауап бермесе, талпыныс есептелмейді. Әр қатысушыға жерде тұрғанда немесе ат үстінде тұрып өзінің бүркітін бір рет шақыруға рұқсат етіледі. Жемге шақыру жарыста әр спортшы өзінің бүркітін шабандоз сүйреп келе жатқан шырға (сүйретпе) бағытына қарай ұшырады. Бүркіт орташа жылдамдықпен келе жатқан шырғаға (сүйретпеге) жетіп оны ұстап алуы қажет. Бүркіттің ұшатын жолының бойына екі жалауша орнатылады. Жалаушалардың ара қашығы 300 метрден болады.

Бұл жалаушалар арасында құстың ұшу уақыты мен жылдамдығы бағаланады. Ережеге сәйкес, аңшы өзінің бүркітін бір рет қана ұшыруына болады. Жарыстар республикалық «Құсбегілік» федерациясының ережесіне сәйкес өткізіледі.

Құсбегілік өнерінде ұсақ аң-құстарды сұңқар және қаршығамен аулайды. Сұңқарды арнайы баптап, жарысқа дайындайтын спортшы – Сұңқаршы деп аталады. Сұңқардың жарысқа дайындығын, жылдамдығын оны жемге жіберу арқылы бағалайды. Әр спортшыға сұңқарының өнерін, қабілетін көрсетуге 3 минут уақыт беріледі. Жарыс алаңында әр жалаушалардың ара қашықтығы 200 м болады. Берілген 3 минут ішінде құс әуеге ұшып, спортшы айналдырып тұрған жемге қырағылық танытып, әуеден шабуылға ұмтылады. Жем кекілік, қырғауыл және көгершіннің құйрығы мен қанатынан алынған қауырсындардан дайындалады. Ережеге сәйкес төрешілер сұңқардың қанша уақытта ұшып келгенін, қырағылығын, жемге еліктеуі бойынша ұпай беріп отырады, сәйкесінше жарыс жеңімпазы ең көп ұпай саны бойынша анықталады. Сұңқарлар құсының аң аулау кезінде жылдамдығын сағатына 322 шақырымға дейін жетеді. Иә, сұңқарлар кейбір әуежайларда ерекше қызмет атқарады. Сұңқарларды әуежайларда құстарды үркіту үшін пайдаланады. Мұндай тәжірибе әсіресе құстардың ұшақтармен соқтығысу қаупін азайту мақсатында қолданылады. Осылайша, сұңқарлар әуежайларда ұшақтардың ұшып-қонуын қауіпсіз етуге көмектеседі. Қаршығашылар ұсақ құстар мен аңдарды аулауға қолданады. Қаршығаны жемге жіберу арқылы оның ұшу жылдамдығын бағалайды. Қаршығасын сынауға әр спортшыға 3 минут уақыт беріледі. Жалаушалардың ара қашықтығы 200 м. Осы уақыт ішінде құс ұшып, әуеден спортшы арқанмен айналдырып жатқан жемге шабуы керек. Ережеге сәйкес, төрешілер қаршығаның жемге ұшып келу жылдамдығын және жемге шабуыл жасау санын есептейді. Жеңімпаз ең көп ұпай саны бойынша анықталады [12].

Тазы және төбетпен аң аулау саятшылық спорты. Тазы және төбет иттермен саятшылық құру ертеден келе жатқан тұрмыстық шаруашылық кәсіп болып табылады. Бұл иттер саятшылық кезінде жыртқыш құстармен бірге қолданылады немесе жеке өздері аңды аулайды [13]. Тазы әртүрлі аңды түрлі тәсілдермен аулайды, кәдімгі тазы түлкіні мойнынан алып, әп-сәтте бұрап тастайды, кейде ыңғайына қарай тұмсығынан, құлағынан, тіпті, жотасынан алатын кезі де болады. Төбет түрі ірі әрі мықты ит болып келеді. Төбет иттің екінші қасиеті малды аң-құстан қорғайды. Төбет итінің үшінші ерекшелігі Қазақстанның алуан түрлі климатына бейімделгіш келеді мысалы, күннің ыстығында алыс жерге баруға төзімді келеді. Төбет ит өз территориясын күзетеді, ол қасқыр және басқа да ірі аңдарды аулауға қолданылады. Саятшылық спортында аң аулауда иттерді пайдалану саятшылықтың маңызды элементті болып табылады, өйткені олар құсбегілермен үйлесімді жұмыс жасайды.

### Қорытынды.

1. Саятшылық қазақ елінде ерте заманнан келе жатқан ұлттық дәстүр мен тәрбие түрі болып саналады. Саятшылықта аң аулау үшін арнайы үйретілген иттер, құстар бүркіт, қаршыға, сұңқар сияқты жыртқыш құстар қолданылады. Қазіргі кезде саятшылық өнері Қазақстанда спорт түріне айналып арнайы мамандар мен спортшылар даярланып

отыр. Саятшылық спортынан арнайы жарыстар өткізіледі, ол жарыстар қазіргі кезде республикалық шеңберден асып халықаралық жарыстар дәрежесінде өткізілуде.

2. Саятшылық спорты көптеген түрлерге бөлінеді, олардың негізгі түрлері: Құсбегілік олар: бүркіт, қаршыға, сұңқар сияқты жыртқыш құстарды аңға салу арқылы саятшылық жасау; Итпен аң аулау - бұл иттердің тұқымы өте жүйрік, иіс сезу қабілеті жоғары және төзімді келеді; Арнайы құрал-жабдықтарды қолданып аң, құс, балық аулау: садақпен немесе мылтықпен, қақпан, қармақ түрлерін пайдалану.

3. Саятшылық заңды түрде аңшы куәлігін алған соң аң мен құстарды әрбір түрлерінің рұқсат етілген уақыттарына қарай аулауға болады. Қазақстанда саятшылықты дамыту және сақтау үшін арнайы құсбегілер мектептері ашылған. Бүгінгі таңда саятшылық өнер спорт ретінде танылып, арнайы жарыстар мен фестивальдер өткізіледі. Қазақстанда жыл сайын «Құсбегілер жарысы» және ұшқыр тазылардың жарыстары өткізіліп тұрады.

4. Саятшылық спорты қоғамға пайдалы тәрбиелік құндылықтарымен ерекшеленеді, ол туризм саласының дамуына әсерін тигізуде. «Саятшылық» спортын насихаттау мен қорғау арқылы қоршаған ортаны, табиғатты сақтауды және ұлттық мәдениетті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Alimzhanova K., Zhumabekov S. Development of hunting sports in Kazakhstan: Historical and cultural perspectives // *Journal of Human Kinetics*. - 2020. - №67(2). - pp. 121-135. DOI: 10.2478/hukin-2020-0060.
- 2 Қазақтың дәстүрлі саятшылық өнері. <https://ehistory.kz/kz/news/show/32329> (дата обращения 13.01.2021).
- 3 Қазақстанның Қызыл кітабы // Алматы DPS, Қазақстан Республикасы Үкіметінің баспа орталығы, 2010. - 10 б.
- 4 Қазақстан Республикасының 2015 жылы 20 мамырда №11091 «Аң аулау қағидаларын бекіту туралы» Заңы. (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы №18-03/157 бұйрығы). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011091> (дата обращения: 13.01.2021).
- 5 Satybaldin M., Abilov T. The role of hunting sports in Kazakhstan's national identity and heritage preservation // *International Journal of Sport Management and Marketing*. – 2021. - №19(4)/ - pp. 367-380. DOI: 10.1504/IJSM.2021.1003069.
- 6 Mukhambetov D., Zhumabekov S. Hunting sports in Kazakhstan as a method of character development and leadership // *Physical Education and Sport Pedagogy*. - 2020. - №25(3). – pp. 265-277. DOI: 10.1080/17408989.2020.1806564.
- 7 Әуезов М. Көксерек: оқу-әдістемелік құралы // *Жаңа әдебиет*. – 1929. - №2-3, 25 б.
- 8 Қазақстанның саятшылық өнері. <https://tirshilik-tyyny.kz/kogam/773-azaty-sayatshyly-ner.html> (дата обращения 23.01.2018).
- 9 Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі №408 қаулысы «Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы» (2013.04.29. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408/compare> (дата обращения 21.12.2011).
- 10 Құсбегілік - бекзат өнер. <https://ertisoniri.kz/rubrikalar/bizdin-sukhbat/251-kusbegilik-bekzat-oner.html> (дата обращения 27.02.2020).
- 11 Coakley J., Li D. Hunting and community building: Lessons from Kazakhstan // *Sport in Society*. – 2021. - №24(6). – pp. 713-726. DOI: 10.1080/17430437.2021.1891157.
- 12 Қазақстан Республикалық Құсбегілік федерациясы. «Құсбегілік спортының ережесі». – 2022. [Электрондық ресурс]. URL: <https://worldnomadgames.kz/kz/news/vidy-sporta/27>. (Дата обращения: 13.01.2023).
- 13 Қазақ тазысы – ұлттық құндылығымыз. [Электрондық ресурс]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338969>. (дата обращения: 30.01.2023).



## References

- 1 Alimzhanova K., Zhumabekov S. Development of hunting sports in Kazakhstan: Historical and cultural perspectives // Journal of Human Kinetics. - 2020. - №67(2). - pp. 121-135. DOI: 10.2478/hukin-2020-0060.
- 2 Qazaqstannyń Qyzyl kitabı // Almaty DPS, Qazaqstan Respublikasy Ұkimetiniń baspa ortalyǵy, 2010. - 10 b.
- 3 Qazaqstan Respublikasynyń 2015 jylы 20 мамырда №11091 «Ан а́лау қағдаларын бекіту т́ралы» Заңы. (Qazaqstan Respublikasy А́ыл шарыашылыǵы министрiniń м.а. 2015 jylы 27 ақпандаǵы №18-03/157 буйрыǵы). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011091> (data obraennia: 13.01.2021).
- 5 Satybaldin M., Abilov T. The role of hunting sports in Kazakhstan's national identity and heritage preservation // International Journal of Sport Management and Marketing. – 2021. - №19(4)/ - pp. 367-380. DOI: 10.1504/IJSMM.2021.1003069.
- 6 Mukhambetov D., Zhumabekov S. Hunting sports in Kazakhstan as a method of character development and leadership // Physical Education and Sport Pedagogy. - 2020. - №25(3). – pp. 265-277. DOI: 10.1080/17408989.2020.1806564.
- 7 А́yezov M. Kókserek: oqý-ádistemelik quraly // Jańa ádebiet. – 1929. - №2-3, 25 b.
- 8 Qazaqstannyń saiatshylyq óneri. <https://tirshilik-tynysy.kz/kogam/773-azaty-sayatshyly-ner.html> (data obraennia 23.01.2018).
- 9 Qazaqstan Respublikasynyń Ұkimetiniń 2013 jylы 29 sáwirdegi №408 qaýlysy «Qazaqstan Respublikasynda materialdyq emes mádeni murany qorǵaý jáne damytý jónindegi tujyrymdama t́ралы» (2013.04.29. berilgen ózgerister men tolyqtyrylarmen). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408/compare> (data obraennia 21.12.2011).
- 10 Qusbegilik - bekrat óner. <https://ertisoniri.kz/rubrikalar/bizdin-sukhbat/251-kusbegilik-bekzat-oner.html> (data obraennia 27.02.2020).
- 11 Coakley J., Li D. Hunting and community building: Lessons from Kazakhstan // Sport in Society. – 2021. - №24(6). – pp. 713-726. DOI: 10.1080/17430437.2021.1891157.
- 12 Qazaqstan Respublikalyq Qusbegilik federatsiiasy. «Qusbegilik sportynyń erejesi». – 2022. [Elektrondyq resýrs]. URL: <https://worldnomadgames.kz/kz/news/vidy-sporta/27>. (Data obraennia: 13.01.2023).
- 13 Qazaq tazysy – ulttyq qundylyǵymyz. [Elektrondyq resýrs]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338969>. (data obraennia: 30.01.2023).

<p><b>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)</b> Мұрал Әділ ұлы – педагогика ғылымдарының магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: dilmural212@gmail.com</p>	<p><b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b> Мұрал Әділ – магистр педагогических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: dilmural212@gmail.com</p>	<p><b>The Author for Correspondence (The First Author)</b> Adil Mural – Master of Pedagogical Sciences, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dilmural212@gmail.com</p>
--	---	---

Бронский Е.В.<sup>ORCID</sup>, Мучкин Д.П., Лебедева В.И., Семенова М.В., Сексенов В.А.

Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,  
г. Павлодар, Казахстан

## МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ СЛОЖНЫМ ПРЫЖКАМ НА БАТУТЕ С АКЦЕНТОМ НА ОСНОВНЫЕ ОПОРНЫЕ ТОЧКИ

Бронский Евгений Васильевич, Мучкин Дмитрий Павлович, Лебедева Валентина Ильинична, Семенова Марина Васильевна, Сексенов Василий Айтмухамбетович

**Методика обучения сложным прыжкам на батуте с акцентом на основные опорные точки**

**Аннотация.** В статье рассматривается один из подходов в методике обучения гимнастов 13-14 лет элементу двойному твисту согнувшись с поворотом на 180° посредством основных опорных точек. Исследование эффективности различных методик обучения сложному элементу батутной гимнастики проводилось на двух группах юных спортсменов (13-14 лет) с подтвержденным опытом занятий батутной гимнастикой от 5 до 7 лет и спортивными разрядами не ниже кандидата в мастера спорта Республики Казахстан. В исследовании участвовало 13 гимнастов: опытная группа состояла из 6 человек, контрольная – из 7. Обе группы тренировались с одинаковой интенсивностью – 6 раз в неделю по 2,5 часа, что обеспечивало сопоставимые физические нагрузки и уровень подготовки к освоению сложного элемента. Контрольная группа обучалась традиционным методом, предполагающим постепенное усложнение техники выполнения элемента, с акцентом на повторение и коррекцию ошибок тренером. Опытная группа, напротив, обучалась с использованием методики, основанной на формировании ориентировочной основы действий (ООД) посредством детальной проработки каждой основной опорной точки (ООТ) в исполнении двойного твиста. В результате исследования выявлена и доказана эффективность использования в тренировочном процессе опытной методики обучения гимнастов двойному твисту согнувшись с поворотом на 180° посредством формирования ООТ с помощью программ 3D Trampoline и On Form, которая выразилась в сокращении времени овладения данным элементом и включением его в свои соревновательные упражнения.

**Ключевые слова:** батутная гимнастика, ориентировочная основа действий, основные опорные точки, IT технологии, программы 3D Trampoline и On Form.

Bronskiy Evgeny Vasilyevich, Muchkin Dmitriy Pavlovich, Lebedeva Valentina Ilyinichna, Semenova Marina Vasilyevna, Seksenov Vassiliy Aitmukhambetovich

**The methodology of teaching complex trampoline jumps with an emphasis on the main reference points**

**Abstract.** The article considers one of the approaches in the methodology of teaching gymnasts aged 13-14 to the double twist element bent with a 180° rotation by means of the main reference points. The study of the effectiveness of various methods of teaching a complex element of trampoline gymnastics was conducted on two groups of young athletes (13-14 years old) with proven experience in trampoline gymnastics from 5 to 7 years and sports categories not lower than the candidate for master of sports of the Republic of Kazakhstan. The study involved 13 gymnasts: the experimental group consisted of 6 people, the control group consisted of 7. Both groups trained with the same intensity – 6 times a week for 2.5 hours, which provided comparable physical activity and a level of preparation for mastering a complex element. The control group was trained using the traditional method, which involves a gradual complication of the technique of performing the element, with an emphasis on repetition and correction of mistakes by the coach. The experimental group, on the contrary, was trained using a methodology based on the formation of an indicative basis of action (OOD) through a detailed study of each main reference point (OOT) performed by a double twist. As a result of the study, the effectiveness of using in the training process an experimental technique for teaching gymnasts double twist bending with a 180° turn by forming OOT using 3D Trampoline and On Form programs, which was expressed in reducing the time of mastering this element and including it in their competitive exercises.

**Key words:** trampoline gymnastics, indicative basis of actions, main reference points, IT technologies, 3D Trampoline and On Form programs.

Бронский Евгений Васильевич, Мучкин Дмитрий Павлович, Лебедева Валентина Ильинична, Семенова Марина Васильевна, Сексенов Василий Айтмухамбетович.

### Негізгі тірек нүктелеріне назар аударып, батутта күрделі секіруді үйрету әдістемесі

**Аңдатпа.** Мақалада 13-14 жас аралығындағы гимнастарды негізгі тірек нүктелері арқылы 180° бұрылыспен бүгілген қос бұралу элементіне үйрету әдістемесіндегі тәсілдердің бірі қарастырылады. Батут гимнастикасының күрделі элементін оқытудың ертүрлі әдістемелерінің тиімділігін зерттеу 5 жастан 7 жасқа дейінгі батут гимнастикасымен айналысу тәжірибесі расталған жас спортшылардың екі тобында (13-14 жас) және Қазақстан Республикасының спорт шеберіне кандидаттан төмен емес спорттық разрядтарда жүргізілді. Зерттеуге 13 гимнаст қатысты: тәжірибелі топ 6 адамнан, бақылау тобы 7 адамнан тұрды. Екі топ бірдей қарқындылықпен жаттығады – аптасына 6 рет 2,5 сағат, бұл салыстырмалы физикалық белсенділікті және күрделі элементті игеруге дайындық деңгейін қамтамасыз етті. Бақылау тобы жаттықтырушының қателіктерін қайталауға және түзетуге баса назар аударып отырып, элементті орындау техникасының біртіндеп күрделенуін қамтитын дәстүрлі әдіспен оқытылды. Тәжірибелік топ, керісінше, қос бұралуды орындаудағы әрбір негізгі тірек нүктесін (ООТ) егжей-тегжейлі пысықтау арқылы іс-әрекеттің болжамды негізін (ООД) қалыптастыруға негізделген әдістемені пайдалана отырып оқытылды. Зерттеу нәтижесінде гимнастарды 3D Trampoline және On Form бағдарламаларының көмегімен ООТ қалыптастыру арқылы 180° бұрылыспен иілу арқылы қос бұралуды оқытудың тәжірибелік әдістемесін оқу процесінде қолданудың тиімділігі анықталды және дәлелденді, бұл осы элементті игеру уақытын қысқарту және оны бәсекеге қабілетті жаттығуларға қосу арқылы көрінді.

**Түйін сөздер:** батут гимнастикасы, іс-әрекеттің индикативті негізі, негізгі тірек нүктелері, IT технологиясы, 3D trampoline және For Form бағдарламалары.

**Введение.** На сегодняшний день в Республике Казахстан, в соответствии с Национальным планом развития Республики Казахстан до 2025 года, одним из общенациональных приоритетов является «Культивирование ценностей патриотизма». В данном документе отмечается, что «поддержка и развитие спорта высших достижений, и как следствие, повышение уровня результатов выступлений профессиональных спортсменов на международной арене будут способствовать возникновению чувства гордости за свою страну» [1]. Таким образом, можно утверждать, что спорт высших достижений в нашей стране находит поддержку на самом высоком государственном уровне. Одним из таких видов спорта является батутная гимнастика, олимпийский вид, получивший в последнее время у нас в стране широкое распространение.

Актуальность исследования заключается в том, что в настоящее время мир технологий шагнул вперед, но не все тренеры знают о новых возможностях IT в области спорта и умеют пользоваться ими [2]. Отчасти такая ситуация возникла потому, что многие тренеры привыкли работать старыми проверенными методами (традиционный подход). Вместе с тем, мы не нашли литературных источников, подтверждающих применение цифровых технологий обучения двигательным действиям в батутной гимнастике.

Поскольку в Казахстане у тренеров отсутствует реальный опыт применения современных технологий, нами была предпринята попытка разрешить противоречие между наличием теоретической аргументации эффективности применения подобных технологий, способствующих оптимизации решения задач в спорте (на примере батутной гимнастики) и

отсутствием реального практического опыта их применения для проверки эффективности УТП.

В современном спорте батутная гимнастика демонстрирует впечатляющий уровень развития, который характеризуется значительным увеличением как сложности, так и рискованности выполняемых упражнений. Это требует от спортсменов не только высокой физической подготовленности, но и глубокого понимания техники исполнения двигательных действий (ДД). В условиях растущих требований к уровню мастерства, особенно на этапе углубленной специализации, становится очевидным, что необходимо совершенствование всей системы подготовки гимнастов [3, 4].

Техническая подготовленность играет ключевую роль в достижении высоких результатов в батутной гимнастике. Спортсмены должны не только освоить базовые элементы, но и уметь выполнять сложные комбинации с высокой степенью точности. В соревнованиях оцениваются несколько важных аспектов: техника выполнения элементов, уровень сложности, время, затраченное на выполнение упражнения, а также перемещение по сетке батута. Эти критерии позволяют судьям объективно оценивать выступления гимнастов и определять победителей [5, 6].

В определенные периоды развития теории и методики спортивной тренировки как науки приоритетными становились те или иные подходы разучивания техники ДД:

– традиционная методика (Н.Г. Озолин, 1988, Н.С. Безродная, 2002, Л.П. Матвеев, 2005, Е.В. Бронский, 2019 и др.) в основе которой лежит годами выработанная структура обучения двигательному действию, состоящей из этапов формирования

ДД, соответствующих законов, средств, методов и принципов обучения [7-10];

– технологическая схема обучения двигательным действиям, разработанная В.А. Солодяниковым (1996), суть которой заключается в определенных алгоритмах действий тренера и спортсмена при освоении двигательного действия [11];

– технология личностно-ориентированного подхода (Н.Б. Лукманова, 2015, Е.В. Бронский, 2018) предполагает позицию и точку зрения тренера на личность спортсмена как на субъект процесса обучения [12, 13];

– концепция стадийно-фазового подхода (Ю.К. Гавердовский, 2007, В.И. Загrevский, 2012, 2018). Данная концепция предполагает использование в процессе обучения стадийно-фазового подхода как наиболее полно учитывающего биомеханические характеристики технических действий. Благодаря этому подходу двигательные представления гимнаста о разучиваемом ДД становятся ясными и четкими [14-16];

– технологии адаптивного обучения двигательных действий (В.О. Загrevский, 2013). Данный подход предусматривает, что дальнейшее совершенствование методики обучения соревновательным упражнениям в сложно-координационных видах спорта будет осуществляться на основе биомеханического анализа их техники. Особенно актуальна эта задача в таких технически сложных видах спорта, как батутная и спортивная гимнастика, прыжки в воду [17].

Несколько иной точки зрения в процессе обучения двигательным действиям придерживается М.М. Боген (1985). Он обращает внимание, что одним из ключевых условий, от которого значительно зависит формирование качественного двигательного навыка, является ООТ (поза, траектория, движение частями тела) [18]. В то же время вопросы, касающиеся обучения техническим действиям в безопорном положении, особенно в прыжках на батуте, освещены в научной и методической литературе достаточно фрагментарно [19, 20].

Применяя современные ИТ в прыжках на батуте, тренеры будут избавлены от необходимости многократного повторения гимнастом упражнений, что в значительной степени снизит физическую и психическую нагрузку на ЦНС и позволит оптимизировать учебно-тренировочный эффект. Методика многократного повторения двигательного действия, «натаскивание» на элемент без создания должной базы (основы) технической и физической подготовленности не приведет тренера к желаемому результату в короткие временные рамки.

Как правило, подобная методика неприменима в освоении сложных и рискованных элементов в

батутной гимнастике, поскольку высота выполнения прыжков (амплитуда качей) превышает 6,5-7,0 метров, а размеры прыжковой поверхности сетки, на которую должен приземляться гимнаст, равняется 426x213 см, что, в свою очередь, на фоне усталости может привести как к физическим, так и психологическим травмам [6].

Мы считаем, что более целесообразным и результативным будет другой подход к формированию двигательных действий. Этот подход включает в себя использование современных цифровых технологий тренером, а также широкий спектр средств, методов, приемов и условий тренировки. Необходим обязательный учет личных и психологических особенностей гимнастов и безусловное оснащение спортивного зала современным оборудованием и инвентарем.

На этапе углубленной специализации, когда спортсмены числятся в учебно-тренировочных группах и группах спортивного совершенствования, тренеру крайне важно обучить гимнастов рациональной технике выполнения сложных гимнастических элементов. Его задача заключается в создании таких условий, при которых спортсмены смогут с первых попыток выполнять ДД с минимальным количеством ошибок. Достичь этого можно только при условии постановки конкретных, целенаправленных двигательных задач с учетом основных опорных точек на каждой стадии выполнения элемента [22, 23].

**Цель данного исследования** – путем формирования представлений о каждой ООТ в трех стадиях выполнения двойного твиста согнувшись с поворотом на 180° составить и опытным путем доказать преимущество экспериментальной методики перед традиционными методами обучения.

Целевое упражнение, весьма сложное ДД для гимнастов возраста 13-14 лет. По правилам соревнований батутной гимнастики данный элемент описывается как «8-1-1>», где: 8 - это двойное сальто вперед; 1 – поворот кругом в первом сальто; 1 - поворот кругом во втором сальто; > - положение тела гимнаста – согнувшись; трудность составляет 1,4 единицы. Для сравнения – трудность двойного твиста, но в положении тела в группировке, составляет 1,2 единицы [6].

#### **Задачи исследования:**

Разработать опытную методику формирования целевого двигательного действия с акцентом на ООТ в каждой стадии его выполнения.

Определить результативность применения в учебно-тренировочном процессе с батутистами 13-14 лет экспериментальной методики освоения двойного твиста согнувшись с поворотом на 180° с акцентом на ООТ в каждой стадии его выполнения.

**Материалы и методы.** В рамках исследования были применены методы:

– теоретический анализ: систематизация источников информации, относящихся к проблематике исследования, определение уровня разработки исследуемой проблемы;

– эмпирический: экспертная оценка техники выполнения батутистами двойного твиста согнувшись с поворотом на 180° с помощью педагогических наблюдений и тестирования, раскадровка видеозаписи выполнялась с использованием программы On Form;

– экспериментальные: сравнительный педагогический эксперимент с целью выявления эффективности опытной методики обучения целевому двигательному действию (ЦДД) с акцентом на ООТ;

– методы статистической обработки данных: количественная и качественная обработка материалов исследования с помощью методов математической статистики.

Эксперимент выполнялся с гимнастами СДЮ-ШОР №1 г. Павлодара на двух группах юных спортсменов (13-14 лет) со стажем занятий батутной гимнастикой от 5 до 7 лет и спортивными разрядами не ниже кандидата в мастера спорта Республики Казахстан. В исследовании участвовало 13 гимнастов: опытная группа состояла из 6 человек, контрольная – из 7. Обе группы тренировались с одинаковой интенсивностью – 6 раз в неделю по 2,5 академических часа, что обеспечивало адекватные физические, технические и психи-

ческие нагрузки, а также уровень подготовки к исполнению ЦДД.

Контрольная группа обучалась традиционным методом, предполагающим постепенное усложнение техники выполнения элемента, с акцентом на повторение и коррекцию ошибок тренером. В опытной группе была применена экспериментальная методика, основу которой строили на формировании ориентировочной основы действий (ООД) посредством детальной проработки каждой основной опорной точки (ООТ) в исполнении двойного твиста.

**Результаты.** Эффективность разработанной нами методики, ориентированной на основные опорные точки, была предварительно опробована на юных батутистах при обучении более простому двигательному действию (сальто вперед в группировке) [21, с. 125]. В настоящей методике, для более качественного получения информации и раскадровки видеозаписей, применялась программа On Form, что позволило более точно формировать представление спортсменов о каждой ООТ (позы, суставные углы, траектория, движение частями тела).

Для решения первой задачи в основу обучения целевого двигательного действия была положена программа последовательных шагов (алгоритмов), разработанная В.С. Рубиным [24] (рисунок 1) и модель формирования двигательных действий гимнастов на основе создания представления о рабочих позах в ООТ упражнения, составленная В.И. Загревским [25].



Рисунок 1 – Последовательность действий тренера на начальном этапе обучения спортсменов двигательным действиям (по В.С. Рубину, 2006) [24]

Детальный стадийно-фазовый подход к анализу техники выполнения элемента позволил тренеру ставить перед гимнастом задачу - научиться управлять своими действиями во время выполнения элемента, регулировать физические усилия по кинематическим характеристикам в каждой из его стадий.

Процесс обучения сальтовым элементам в батутной гимнастике традиционно состоит из трех этапов, которые отличаются друг от друга не только постановкой перед спортсменом частных задач, но и определенным алгоритмом действий тренера при выборе соответствующей методики. Формирование основ техники разучиваемого ДД, первый этап (этап начального разучивания) для гимнастов является наиболее важным с точки зрения возможности выполнения элемента в общих чертах.

На этапе формирования ориентировочной части действия тренер, опираясь на алгоритмы обучения гимнастическим упражнениям, представленные на рисунке 1, создает у спортсмена целостное представление о целевом двигательном действии (ДД). Это представление включает три ключевых

компонента: зрительный, смысловой и двигательный (кинестетический). Особое внимание на данном этапе уделяется формированию зрительного образа действия. Для его создания используются следующие методы: демонстрация натурального или адаптированного (упрощенного, с учетом уровня подготовленности спортсмена) показа упражнения, видеозаписи, кинограммы, а также визуальные материалы, такие как схемы, плакаты и другие наглядные пособия.

На основе единой смысловой задачи ООТ разучиваемого ДД согласуются между собой. Для реализации поставленной задачи используется традиционный словесный метод (рассказ, объяснение, словесный отчет, методические указания, комментарии тренера). Прежде чем разработать опытную методику формирования целевого ДД на основе учета основных опорных точек в стадиях его выполнения, предварительно определили качество усвоения базового элемента и профилирующего элемента 8-1>, 811о (двойного сальто согнувшись с поворотом на 180° и двойного твиста в группировке с поворотом на 180° (таблица 1).

Таблица 1 – Статистические значения и достоверность различий показателей технической подготовленности гимнастов исследуемых групп,  $\pm$  (баллы,  $n_s = 6$ ,  $n_k = 7$ )

Базовый и профилирующий элемент	Группы				P
	ЭГ		КГ		
Двойное сальто согнувшись с поворотом на 180°	9,70	0,20	9,72	0,15	>0,05
Двойной твист в группировке с поворотом на 180°	9,65	0,15	9,6	0,10	>0,05

Базовый и профилирующий элементы оценивали исходя из 10,0 баллов (максимальная сбавка за ошибки в технике исполнения 0,5 балла). Данные тестирования технической подготовленности батутистов исследуемых групп свидетельствуют о том, что спортсмены с равной степенью успешности владеют базовым и профилирующим элементами. Разница показателей незначительна и недостоверна при  $P > 0,05$ .

В исследовании мы также определили уровень развития основных физических качеств, лимитирующих освоение технических элементов в прыжках на батуте.

Оценку показателей физической подготовленности спортсменов проводили по нормативам учебной программы, составленной Н.Н. Пиллюк

(2012) [25]. Сравнительный анализ результатов предварительного тестирования показал, что между гимнастами исследуемых групп отсутствуют достоверные различия ( $P > 0,05$ ) в уровне развития основных физических качеств (таблица 2).

Результаты анализа показывают, что наблюдаемые спортсмены по показателям технической и физической подготовленности принадлежат к одной выборочной совокупности. Это позволяет с уверенностью утверждать, что последующие изменения в качестве овладения техникой целевого двигательного действия – двойным твистом согнувшись с поворотом на 180° – у спортсменов опытной группы могут быть обусловлены исключительно влиянием экспериментального фактора.

Таблица 2 – Статистические значения и достоверность различий показателей физической подготовленности гимнастов до эксперимента,  $\pm$  ( $n_3 = 6, n_k = 7$ )

№	Тесты	Группы				Р
		ЭГ		КГ		
1	Многоскоки на тумбочку h= 50 см, 60 раз (с)	66,6	3,15	67,1	3,23	>0,05
2	Прыжок в длину с места (см)	194,3	5,12	194,1	5,20	>0,05
3	Челнок (с) (5x10м)	12,43	0,18	12,50	0,30	>0,05
4	Пресс, из виса до касания рейки (кол-во раз)	8,72	1,65	8,81	1,84	>0,05
5	Поднимание туловища из положения лежа на бедрах, руки за головой (кол-во раз)	28,4	3,00	29,5	3,60	>0,05
6	10 качей на сетке батута на t (с)	16,8	1,56	16,8	1,49	>0,05

*Содержание опытной методики обучения.**Средства (подводящие упражнения):*

- 31о - 3/4 твиста в группировке, с приземлением на спину на гимнастический бум;
- 31> - то же, но в положении согнувшись, с приземлением на спину на гимнастический бум;
- 41о - 3/4 твиста в группировке, с приземлением на ноги, на гимнастический бум;
- 41> - то же, но в положении согнувшись;
- 71> - 7/8 ЦДД согнувшись на батуте с приземлением на спину на гимнастический бум;
- 811о - ЦДД в положении группировки, с приземлением в поролоновую яму;
- 811> - двойной твист согнувшись с поворотом на 180° на вылет в поролоновую яму;
- 811> - ЦДД с приземлением на сетку батута;
- 811> - двойной твист согнувшись с поворотом на 180° с включением элемента в связку из одиночного, а затем и двойного сальто;
- 811> - включение ЦДД в соревновательные упражнения.

Согласно технологической схеме обучения двигательным действиям, разработанной В.А. Солодяниковым (1996), суть которой заключалась в определенных алгоритмах действий тренера и спортсмена при освоении двигательного действия, не обязательно, что все подводящие упражнения в равной степени будут необходимы всем гимнастам [11, с. 45].

Основные методы обучения сводились к разработанному комплексу подводящих упражнений и заканчивались целостным методом выполнения ЦДД.

Исходя из целевой установки исследования, за основу экспериментальной методики обучения ЦДД было взято формирование представлений у

гимнастов о каждой основной опорной точке в стадиях выполнения элемента. Сократить время обучения целевому ДД позволило то, что спортсмены имели хорошую техническую базу - владение базовым и профилирующим элементами ЦДД – 8-1> (двойным сальто вперед с поворотом на 180° в положении согнувшись) и 8-1-1о (двойным твистом в группировке с поворотом на 180°).

Для формирования представления о технике ЦДД спортсменам ЭГ предлагалось рассмотреть анимационную кинограмму классической техники выполнения данного элемента, созданную при помощи программы 3D Trampoline. В кинограмме обозначались суставные углы в ООТ, полученные с помощью программы On Form. Технику выполнения гимнастом двойного твиста согнувшись с поворотом на 180° снимали на видеокамеру, обрабатывали с помощью программы On Form и сопоставляли с анимационной кинограммой 3D Trampoline [27, 28].

В качестве примера разберем технику выполнения элемента Из-м Р. – мастера спорта РК по батутной гимнастике из экспериментальной группы.

**Обсуждение.** Исходя из концепции, разработанной Ю.К. Гавердовским и В.И. Загревским, каждое двигательное действие состоит из стадий, или фаз (подготовительной, основной и заключительной). В своем исследовании, в процессе обучения, мы использовали подобный подход как наиболее полно учитывающий биомеханические характеристики технических действий целевого ДД [14, с. 33; 25, с. 148].

Стадии выполнения и ООТ целевого двигательного действия

Первая (подготовительная), или энергообразующая, стадия состоит из трех основных опорных точек (рисунок 2):




Рисунок 2 – Раскадровка видеозаписи выполнения гимнастом подготовительных действий с помощью программы On Form [28].

– Разгон (выполняется до достижения гимнастом оптимальной высоты, кадр 1);

– ООТ-1 (кадр 2). Приход на сетку. Видна явная ошибка в постановке рук (согнуты в локтях) и чрезмерное сгибание ног в коленных суставах  $100^\circ$ , необходимо  $120^\circ$ ;

– ООТ-2 (кадр 3). Ожидание отхода с сетки батута. Ошибка – чрезмерное сгибание рук;

– ООТ-3 (кадр 4). Завершение толчка и вход в поворот. Согнутые руки гимнаста в ООТ-2 вызвали излишнее прогибание в поясничном отделе.

От правильности выполнения ООТ данной стадии во многом зависит качество исполнения последующего двойного сальто вперед в основной стадии элемента. Во второй, или основной, стадии элемента выделили четыре ООТ (рисунок 3).




Рисунок 3 – Раскадровка видеозаписи выполнения гимнастом основного действия с помощью программы On Form [28]

